

**Heart Center Foundation Run жобасы аясында
«jüregimniñ jeñimprazy» қайырымдылық жүгірісін өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жүгірісті өткізудегі мақсат

«jüregimniñ jeñimprazy» (бұдан әрі – Жүгіріс) – Қазақстанда трансплантология мәселелері бойынша ағартушылық жұмыстар жүргізу аясында және халық арасында жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алу мақсатында салауатты өмір салтын насихаттау, қоғамда жүрек ауруларының алдын алудың маңыздылығын түсіндіру арқылы ұйымдастырылатын қайырымдылық жүгірісі. Оны «Heart Center Foundation» қоғамдық қоры ұйымдастырады. Жүгіріс 3 қашықтықты қамтиды: 10 км, 3 км және 1 км.

Жүгіріс халық арасында жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алу, сондай-ақ қоғамда жүрек ауруларының алдын алу қажеттілігі туралы түсінікті арттыру мақсатында өткізіледі. Сол себепті жүгіріс барысында уақыт өлшейтін чиптер қолданылмайды.

2. Жүгірісті ұйымдастырушы

Жүгірістің ұйымдастырушысы – «Heart Center Foundation» қоғамдық қоры. Бұл – денсаулық сақтау саласындағы жобаларды іске асыратын Қазақстандағы алғашқы эндаумент-қор. Қор денсаулық сақтау саласын, соның ішінде кардиология мен кардиохирургияның ұзақ мерзімді дамуына ықпал ететін жобаларды қолдап, жүзеге асырады.

Қордың Миссиясы

Біз ғылымды, білімді және ағартушылықты біріктіре отырып, Қазақстанда кардиохирургиялық және кардиологиялық қызметтерді дамытуға үлес қосамыз.

3. Жүгіріс өтетін күн

2025 жылғы 10 тамыз, сағат 05:30-дан 12:00-ге дейін.

4. Жүгірістің өтетін орны

Жүгіріс Қазақстанда, Астана қаласында өтеді.

Қатысушылардың жиналу орны және барлық қашықтық бойынша старт алаңы: Нұр-Әлем павильон-музейінің алдындағы алаң.

5. Жүгірістің қашықтықтары және қатысушылар

Төмендегі жас санаттарына жататын қатысушылар қашықтықтарға жіберіледі:

- 10 км:
- 15 жастан бастап және одан жоғары қатысушылар;

- 3 км:
 - 8 жастан 18 жасқа дейінгі қатысушылар (ересектердің ертіп жүруінсіз);
 - 18 жастан жоғары қатысушылар (жеке тіркелген жағдайда);
- 1 км:
 - 8 жастан 18 жасқа дейінгі қатысушылар (ересектердің ертіп жүруінсіз);
 - 18 жастан жоғары қатысушылар (жеке тіркелген жағдайда);
 - 8 жасқа дейінгі балалар – тек ересек адамның ертіп жүруімен қатыса алады (қатысушы ретінде ересек адам тіркеледі).

Қашықтықтар бойынша нақты маршруттар Жүгірістің hcf.kz ресми сайтында қолжетімді.

6. Қатысушыларды тіркеу

6.1. Қатысушыларды тіркеу 2025 жылғы 1 мамырдан 10 тамызға дейін (қоса алғанда) hcf.kz сайтында немесе қатысушылар саны 5000 адамға жеткенге дейін жүргізіледі.

6.2. Жүгіріске қатысу жарнасы:

- 10 км қашықтыққа қатысушылар үшін – 13 000 (он үш мың) теңге;
- 3 км қашықтыққа қатысушылар үшін – 10 000 (он мың) теңге;
- 1 км қашықтыққа қатысушылар үшін – 7 000 (жеті мың) теңге.

6.3. Қатысушыны тіркеу тек қана Жүгіріс шарттарын растағаннан кейін тиісті жазбаша келісімді тапсырған және Ереженің 6.2-тармағында көрсетілген жарнаны төлеген жағдайда ғана сәтті тіркелген болып есептеледі.

7. Жүгіріс қашықтығына жіберу

Жарысқа тек қатысушыларға берілетін арнайы білезігі бар адамдар ғана жіберіледі. Мұндай білезіктер қатысушының старт жиынтығының құрамында болады.

8. Старт жиынтығы

8.1. Старт жиынтығы 2025 жылғы 7-9 тамыз аралығында сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін УМС «Жүрек орталығы» ғимаратында (мекенжайы: Астана қаласы, Тұран даңғылы, 38) үлестіріледі.

8.2. 18 жастан асқан қатысушыларға старт жиынтығы тек келесідей құжаттарды ұсынған жағдайда ғана беріледі:

- Жеке куәлік немесе төлқұжат;
- Денсаулық жағдайы туралы қолхат;
- Жүгіріске қатысу жарнасының төленгенін растайтын құжат (Жиынтықты беру кезінде Ұйымдастырушы тарап тексереді).

Құжаттар тек қана қағаз түрінде ұсынылуы керек.

8.3. 8 бен 18 жас аралығындағы қатысушыларға старт жиынтығы тек келесі құжаттар ұсынылған жағдайда ғана беріледі:

- Баланың жеке куәлігі, төлқұжаты немесе туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- Ата-анасының/қамқоршысының жеке куәлігі немесе төлқұжатының көшірмесі;
- Ата-ананың/қамқоршысының баланың Жүгіріске қатысуына рұқсат бергені туралы қолхаты;
- Жүгіріске қатысу жарнасының төленгенін растайтын құжат (Жиынтықты беру кезінде Ұйымдастырушы тарап тексереді).

Құжаттар тек қана қағаз түрінде ұсынылуы керек.

8.4. Старт жиынтығын қатысушының өзі немесе басқа бір адам ала алады. Ол үшін жоғарыда аталған құжаттар мен өзіне тиесілі жеке куәлік/төлқұжаттың көшірмесін ұсынуы қажет. Осы орайда егер жиынтықты басқа адам алып кеткеннен кейін қатысушы оны дұрыс күйінде алмаған болса әрі соның салдарынан Жүгіріске қатыса алмаса, бұл үшін Ұйымдастырушы жауапкершілік арқаламайды.

8.5. Егер қатысушы қандай да бір себеппен старт жиынтығын алып үлгермесе, онда ол 7-тармаққа сәйкес Жүгіріске жіберілмейді.

9. Естелік медаль мен алғыс хат

Әрбір қатысушы старт жиынтығымен бірге алғыс хат алады, сондай-ақ қашықтықты аяқтағаннан кейін Жүгірістің естелік медалімен марапатталады.

10. Жүгіріске қатысу ережелері

10.1. Қатысушыларға тыйым салынады:

- Кез келген механикалық көлік құралдарын пайдалану;
- Алкоголь немесе есірткі пайдаланған күйінде қатысу;
- Арбамен қатысу;
- Жануарлармен бірге қатысу;
- Қашықтық барысында басқа қатысушылардың қозғалысына кедергі келтіру;
- Жарыс ұйымдастырушыларына кедергі келтіру;
- Жол бойында тоқтап қалу;
- Жүгірістің негізгі регламентінен ауытқу, яғни: жүгіруді ресми старт басталмай тұрып бастау, жүгіруді старт аймағы жабылғаннан кейін бастау, жүгіруді белгіленген старт аймағынан тыс жерден бастау.

Ұйымдастырушы ережені бұзған қатысушыны жарыстан шеттетуге құқылы.

Қатысушы өзі және/немесе оның отбасы мүшелері жарыс ережелерін бұзған жағдайда туындауы мүмкін салдардың барлығына (денсаулыққа немесе мүлікке зиян келтіру, қоғамдық тәртіпті бұзу және т.б.) қатысты жауапкершілікті толық өз мойнына алады.

8 (сегіз) жасқа дейінгі балалар жарысқа тек кәметке толған адаммен бірге ғана қатыса алады. Мұндай жағдайда жарысқа қатысушы ретінде баланы ертіп жүрген ересек адам тіркеледі.

Қашықтық барысында баланың әрекетін бақылау және оның қауіпсіздігіне толықтай жауап беру бірге еріп жүрген ересек адамға жүктеледі.

10.2. Ұйымдастырушы қатысушылардың жеке заттарының сақталуына жауап бермейді, сондай-ақ жарыс кезінде сақтау камераларын ұсынбайды.

11. Форс-мажор жағдайлары

Егер Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары/ұйымдары/қызметтері, соның ішінде жергілікті атқарушы органдар Жүгірісті өткізуге ресми түрде тыйым салса, жарыс кейінге шегеріледі немесе жағдайға байланысты толығымен тоқтатылады.

Одан кейінгі әрекеттер туралы Жүгірісті ұйымдастырушы ресми тыйым салынған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде хабарлайды.

12. БАҚ өкілдерін аккредитациялау

БАҚ өкілдерін Жүгіріске аккредитациялау алдын ала жүргізіледі. Аккредитациядан өту үшін төмендегі мәліметтерді pr@hcf.kz электронды поштасына жіберу қажет:

- БАҚ атауы;
- Тілші, оператор, фотографтың аты-жөні;
- Байланыс телефоны;
- Электронды пошта.

13. Қорытынды ережелер

Ұйымдастырушы Жүгірісті өткізу туралы Ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.